



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

- болжам - бұл дәлелдерді тартпай, жоба үшін дұрыс деп саналатын фактор. Оқушылар қандай да бір ақпаратты негізгі және талқылауды қажет етпейтін ретінде қолдана алады. Мұғалім студенттерге интернеттен осындай ақпаратты табуға көмектеседі.
- жобадағы мүдделі тараптар - жобаны іске асыру барысында мүдделері қозғалуы мүмкін тұлғалар немесе ұйымдар.
- жобадағы өзгеріс - жобада бұрын бекітілген мазмұнды, мерзімдерді, ресурстарды, сондай-ақ белгіленген рәсімдерді түрлендіру. Оқу Жобалық іс-әрекетінің бұл кезеңі міндетті түрде пайда болады, өйткені нақты жағдайлар әрқашан жоспарланғанға сәйкес келмейді.
- жобаның бақылау оқиғасы - жобаның өлшенетін кезеңдік нәтижелерін алуды көрсететін жобаның елеулі оқиғасы.
- түзету әрекеті - анықталған жоба жоспарына сәйкессіздікті жою үшін қабылданған әрекет.
- шектеу - жобаның орындалу барысына әсер ететін тежеуші фактор.
- ескерту әрекеті - жобаның теріс тәуекелдерінің ықтималдығын немесе салдарын төмендету үшін қабылданған әрекет.
- жобаны орындаудың алдында жобалау алдындағы қызмет болады - бұл оқу жобасын орындағанға дейін шешілетін барлық міндеттер. Болашақ шығармашылық қызметке қатысты ақпарат жиналады, болашақ өнімнің тұтынушылық қасиеттері түсіндіріледі және тұтынушылар мен олардың қажеттіліктері анықталады, ақпараттық және материалдық құралдар таңдалады, алдағы іс-шаралар жоспарланады.[8, 56]

Әдебиеттер тізімі:

1. Беликова, Людмила Федоровна. Педагогическое проектирование в профессиональном обучении: учебное пособие / Л.Ф.Беликова, Н.Е.Эрганова. Екатеринбург: Изд-во Рос. гос. проф.-пед. ун-та, 2015. 87 с.
2. Лемягова, М.Н. Проектно-исследовательский метод обучения как средство реализации ФГОС НОО / М.Н.Лемягова // Вестник ГОУ ДПО ТО «ИПК и ППРО ТО». Тульское образовательное пространство. – 2019. – № 3. – С. 20-24.
3. Колесникова, А.Н. Инновационные технологии при обучении русскому языку в начальной школе / А.Н.Колесникова, И.А.Щербакова // Инновационное развитие: потенциал науки и современного образования : сборник статей III Международной научно-практической конференции. В 2 частях, Пенза, 23 декабря 2018 года /Ответственный редактор Г.Ю. Гуляев. – Пенза: МЦНС «Наука и Просвещение», 2018. - С. 176-178.
4. Бекетова Куанышевна, Байманова Еркешевновна, Жакупова Гулмира Жалгасбайқызы, Казагачев Николаевич Метод проектов как вид педагогической технологии // Academy. 2017. №7 (22).
5. Мустопова Мохира Хужаназаровна, Жумаева Нилуфар Сайфуллоевна Характеристика инновационных технологий в начальной школе // Достижения науки и образования. 2018. №8 (30).
6. Фидарова Маргарита Георгиевна Формирование профессиональных компетенций будущих учителей информатики в условиях проектной деятельности // Известия ВГПУ. 2019. №6 (139).
7. Зеер Э.Ф. 3-47 Проективная дидактика [Электронный ресурс]: монография / Э.Ф.Зеер, С.Н.Уткина. Екатеринбург: Изд-во Рос. гос. проф.-пед. ун-та, 2017. 131 с.
8. Бычков А.В. Б95 Метод проектов в современной школе. Второе издание, дополненное / А.В. Бычков. - М.: АБВ-ИЗДАТ, 2018. - 100 с.

УДК 811.14

СИНТАКСИСТІ ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Сейденова Асем Ерқуанышқызы,
филология ғылымының магистрі, оқытушы
Ы.Алтынсарин атындағы РӨГК
Рудный қ., Қазақстан

Аннотация

Мақалада оқытудың инновациялық технологиялары туралы анықтама берілген. Осы жаңа әдістерді тіл білімінің саласы – синтаксисті оқытуда оқушыларға білімді тиімді меңгерудің жолдары көрсетілген. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізеді. Ол үшін педагогикалық жан-жақтылықты, ізденімпаздылықты, тәжірибені жұмылдыруды қажет етеді.

Түйінді сөздер: инновациялық технологиялар, интерактивтік әдіс – тәсілдер, синтаксис.

Аннотация

В статье рассмотрено понятие «интерактивные средства обучения», проанализированы особенности их использования в учебном процессе, выявлен потенциал информационных средств обучения для обучения учащихся. Сейчас преподаватели на уроках активно используют инновационные технологии и интерактивные средства обучения. Для эффективного использования интерактивных технологий необходимы педагогические навыки и умения.

Ключевые слова: инновационные технологии, интерактивные средства обучения, синтаксис.

Abstract

The article considers the concept of «interactive learning tools», analyzes the features of their use in the educational process, identifies the potential of information learning tools for teaching students. Pedagogical skills and abilities are necessary for the effective use of interactive technologies.

Keywords: innovative technologies, interactive learning tools, syntax.

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі - оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Ал «Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э.Раджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация- нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». Майлс «Инновация - арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз», - дейді.

Инновациялық құбылыстар білім беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдарында кеңінен тарала бастады. Әдетте инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. Сонымен қатар инновацияны Р.Масырова, Т.Линчевская - «Жаңару» дегенімізді былай деп түсіндіреді: «Жаңару - белгілі бір адам үшін әділ түрде жаңа ма, әлде ескі ме оған байланысты емес, ашылған уақытынан бірінші қолданған уақытымен анықталатын жаңа идея» дейді.

Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз - білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген анықтаманы ұсынады. Н.Нұрахметов «Инновация» білімнің мазмұнында, әдістемеді, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктелмесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке - дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке - дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын). Ал әдіскер С.Көшімбетова өзінің зерттеуінде оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсеткен:

- дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үрдісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жауапкершілін арттырады;
- қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеріледі;
- оқытушы білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілеттерді дамытады;
- саралап деңгейлел оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады;
- ақпараттық бағдарламалап оқыту - оқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұйымдастырылады;

- иллюстрациялы түсіндірмелі оқытуда «адам – қоғам-табиғат» үйлесімдік бағыттағы дүниетанымында жүйелі саналы мәдениет қалыптасады;
- ізгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтарды тәжірибеде «бала – субъект», «бала-объект» тұрғысынан енгізіле бастайды да, ал ғылыми білімдер «оның тұрмысының әлеуметтік жағдайы мен іс-әрекетінің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде қарастырады деген.

Жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады.

Модификациялық инновация - бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В.Ф.Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады.

Комбинаторлық модификация - бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел.

Радикалдық инновация - білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Қазір мемлекеттік оқу орындары ұсынып отырған көп нұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез-келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын, оқу мазмұны әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Ғылыми-педагогикалық пайдаланған әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үрдісінің нәтижесін көретін әдіс-тәсілдері, түрлері көбіне жаңашыл, инновациялық болып табылады.

Инновациялық процестерді ендіру үш өзара байланысты күштер анықталады: енгізілген технологияның ерекшеліктерімен; жаңашылдардың инновациялық әлеуетімен; жаңалықты енгізу жолдарымен. Сонымен жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық жан-жақтылықты, ізденімпаздылықты, тәжірибені жұмылдыруды қажет етеді. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады. ХХІ ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері - кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы. Сондықтан да біз, оқытушылар, осы жоғарыда айтылған жаңа инновациялық оқыту технологиясын меңгеріп, өзіміздің жұмысымызда кеңінен, тиімді пайдалануымыз қажет.

Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізеді.

Тіл білімінде белгілі бір тілдік зерттеулерді қамтитын әр түрлі салалар бар. Осындай жаңа әдістерді сол салалардың бірі – синтаксисті оқытудың тиімділігін арттыруда пайдалану біздің басты мақсатымыз.

Қазақ тілі синтаксисін оқыту мәселесі А.Байтұрсыновтың қазақ тілі синтаксисі туралы тұжырымдарында, оны оқыту жөніндегі пікірлерінде кеңінен қарастыруға болады. Тілші синтаксистің теориясын бір жүйеге түсірумен қатар, оны меңгерудің жолдарын ұсынды. «Ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық, түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады» деп, сөйлемнің қатысымдық қызметін айқындады. Синтаксистің әр саласы туралы теориялық материалдардан кейін практикалық жұмыстарды «өлеңмен жазылған сөйлемдерді өлеңсіз түрге айналдыру; сөйлем ішіндегі мүшелерін айырту; сөйлемнің қажет болған түрлерін білім алушылардың өзіне тапқызу» түрінде беріп, сөйлем мүшелерінің қай сөз табынан болатынын нақты мысалдар арқылы дәлелдеді [1, 287б]. «Ауызбен сөйлесу» және «жазумен сөйлесудің» ерекшеліктерін анықтап, сөйлем жүйесінің сөйлеу әрекеті түрлеріне қатысын айқындады.

Қазақ тілі синтаксисінің әдістемесі - жас буындарға тіл ғылымының озық табыстарының негіздерінде сөз тіркесі мен жай және құрмалас сөйлемдерден, қазақ тілі пунктуациясынан терең, жүйелі, берік, саналы білім беру жолында қолданылатын ең тиімді әдістер мен тәсілдердің жиынтығы болып табылады. Ол әдістер: байқау әдісі, тәжірибені талдау-жинақтау әдісі, бұрынғы мұраны үйрену әдісі, эксперт-анкета сияқты т.б. әдістер оқушыларды, студенттерге осы саланы саналы, жеңіл меңгеруге көмектеседі.

Жалпы тіл білімінде синтаксис тарауы көп ғасыр бойы әзірленіп келе жатқан дәстүрлі білім саласы ретінде түсініледі. Алайда соған қарамастан дүние жүзі тілдерінің синтаксистік құрылысының заңдылықтары толық танылды деп айтуға болмайды. Қазан төңкерісіне дейін түркологтардың ішінде қазақ тілінің грамматикалық жүйесін, әсіресе синтаксис саласын терең зерттеген ғалым П.М.Мелиранский болды. П.М.Мелиранскийдің синтаксистік зерттеулері кейінгі А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов., Н.Сауранбаев, М.Балақаев, Р.Әмір, Т.Сайрамбаев т.б. ғалымдар үшін бағыт - бағдар бола алды. Тіпті, осы күнгі зерттеулер үшін де өте қажет оқулық деп білеміз. П.М.Мелиранскийдің «Краткая грамматика казак-киргизского языка» еңбегінің II томы (1897) синтаксис жайлы зерттеуін

талдап бүгінгі синтаксистік бағытпен салыстырып, көптеген категорияларды сараптап қазақ синтаксисінің қалыптасу тарихының бастамасын ашып көрсету, зерттеу жұмысының өзектілігі болып табылады. Синтаксисті ғылым деген ұғымда жұмсағанда, оны әдетте, грамматика ғылымының морфология сияқты, үлкен саласы деп білеміз. Оның өзі үш бөлімнен құралады. 1. Сөз тіркесінің синтаксисі; 2. Жай сөйлемнің синтаксисі. 3. Құрмалас сөйлемнің синтаксисі. Тілдің ең басты, бір тұтас ұйысқан бөлшегі - сөйлем. Сөйлем - тілдің қоғамдық қызметі пікір алмасудың ойды білдірудің негізгі тұлғасы. Ол қашаннан бері синтаксистік зерттеудің басты объектісі болып есептеледі.

П.М.Мелиоранскийдің синтаксисі «Простые предложения» деген тараудан басталады. Мұның өзі автор синтаксистің объектісін сөйлем деп білген. Автор осы еңбегінде сөз тіркесі мәселесін арнайы тақырып етіп көтермесе де, сөйлем мүшелерінің бір - бірімен байланысы жайлы ойларында сөз тіркесінің негізгі формалары толық қамтылады. Жалпы осы айтылған тарауды меңгертуде қолданылатын жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану қазіргі таңдағы негізгі мәселелердің бірі болып табылады.

Қазіргі кезде білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол ашуда. Осы тұрғыдан алғанда ұрпақ тәрбиесімен, білім беруімен айналысатын педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындап отыр. Бұл үшін оқытушылардың инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал жаңа технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып жаңа мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан оқытушының біліктілігін көтеру мен шығармашылық педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгерудің маңызы зор деп білемін.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ахмет Байтұрсынов. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 21-142, 287 бб.
2. Бұзаубақова К. Жаңа педагогикалық технологияны меңгеру - міндет. // Қазақстан мектебі. № 9-10. 2005. 25-26 б.
3. Байғазиева Г. Жаңа педтехнология . // Қазақстан мектебі. № 8. 2005 . 53-54 б.
4. Бұзаубақова К. Жаңа педагогикалық технологиялар . // Қазақстан мектебі. № 4. 5-8 б. 2005
5. Арысбаева З. Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану ерекшеліктері. // Қазақстан мектебі. № 1. 2007. 69-70 б.

ӨОЖ 37.02

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ

Серикова Айзада Алданышовна,

бастауыш сынып мұғалімі

«Қостанай қаласы білім бөлімінің

№15 жалпы білім беретін мектебі» КММ

Аннотация

Қазіргі таңда жан- жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары, өз бетімен ізденуге қабілетті етіп қалыптастырудың бірден - бір жолы оқушыны шығармашылыққа жетелеу. Бұл мұғалімнен терең біліктілікті қажет етеді. Себебі шығармашыл ұстаз ғана шығармашыл тұлғаны қалыптастыра алады. Бүгінгі қазақстандық мектептерге қоғамның қарқынды дамуына ілесе алатын заман талабына сай ойлайтын ғылыми әдістемелік білімі жеткілікті, педагогика мен психологияны жақсы меңгерген ізденімпаз мұғалім қажет. Бұл мұғалім кәсіби шеберлігінен көрінеді.

Түйінді сөздер: инновация, кәсіби шеберлік, жаңа технология, шығармашыл тұлға.

Аннотация

На сегодняшний день одним из путей формирования всесторонних, глубоких знаний, высокого интеллектуального уровня, способного к самостоятельному поиску является приобщение учащихся к творчеству. Это требует от учителя глубоких знаний. Ведь только творческий педагог может сформировать творческую личность. Сегодняшним казахстанским школам необходим поисковый учитель, способный обеспечить динамичное развитие общества, умеющий мыслить в соответствии с современными требованиями, обладая научно-методическими знаниями, глубоким знанием педагогики и психологии. Это проявляется в профессионализме учителя.

Ключевые слова: инновация, профессионализм, новые технологии, творческая личность.

Abstract

Today one of the ways to form a comprehensive deep comprehensive, deep knowledge, high intellectual level, capable of independent search is the introduction of students to creativity. This requires deep